




МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕ БӘРІНЕН МАҒЫЗДЫ

3



«АЗИЯ ДАУЫСЫ» музыкалық фестивалі қайта жанданды

6



АКАДЕМИКТИҢ АҚЫРҒЫ САПАРЫ

9

АЛМАТЫНЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЛАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Байқауға 80-ге жуық алматылық компания өтінім берді. Биыл көрме Тұңғыш Президент саябағында ұйымдастырылды. Қаз-қатар тізілген ақ шатырлардағы отандық өнімнің түр-түрі қала тұрғындары мен қонақтарына ұсынылды. Азық-түлік өнімдері, ұлттық нақыштағы бұйымдар, киім, аяқкиім, көрпе-жастықтан бастап, кабель, жиһаз, адамның қан қысымы мен жалпы жай-күйін бірден анықтайтын жоғары технологиялық аппараттар қойылды.

4



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №91 (6384) 1 тамыз, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

АЗИЯДАҒЫ ЖАҢА ОЙЫНШЫ:

ҮНДІ-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСЫ АЙМАҚҚА ӘСЕР ЕТУІ МҮМКІН



Халықаралық геосаяси жағдайлардың талабына ілесе Қазақстанды қамтыған біртұтас геосаяси аймақтың маңыздылығы жоғарылап келеді. Аймақпен түрлі бағыттағы қатысуын арттырғысы келетін ірі ойыншылар қатары да көбейді. Мәселенки, Орта Азия бұрын Ресейдің дәстүрлі ықпал ету аймағы саналса, қазір АҚШ, Еуропа және Қытай секілді күштер «5+1» форматында аймақ елдерімен диалогты дамытуға күш салуда. Олардың қатарына алдағы уақытта Үндістан, Иран және араб елдері секілді аймақтық державалар да қосылуы мүмкін.

2

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

1.08.2023

Түнде:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+35+37 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

2.08.2023

Түнде:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+35+37 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

АЗИЯДАҒЫ ЖАҢА ОЙЫНШЫ:

ҮНДІ-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСЫ АЙМАҚҚА ӘСЕР ЕТУІ МҮМКІН

(Басы 1-бетте)

Үрдіс бізге осы күштер арасындағы теңгерімді сақтау және олардың өзара қарым-қатынасын ұдайы назарда ұстау сынды міндеттер жүктеп жатқандай. Бұл міндеттің бірі болып Үндістан да тұр. Таяу болашақта Үндістанның Орта Азиямен жан-жақты қарым-қатынасы жаңа деңгейге көтеріледі деген болжамдар бар. Өз кезегінде Үндістанның ішкі мәселелерінен тартып, Үндістан–Пәкістан, үнді–қытай қарым-қатынастары да отандық сарапшылар мен зерттеушілердің назарындағы тақырыпқа айналары даусыз.

ҮНДИСТАНДЫ ОРТА АЗИЯҒА ҚАРАЙ
ИТЕРМЕЛЕЙТІН СЕБЕПТЕР

Әрине, қазіргі таңда Үндістан біздің аймақпен белсенді күйде байланысты дамытып отырған ел емес. Бірақ жақын болашақта бұл ел мен аймақты қарым-қатынастың белсенді күйіне бастайтын факторлар жарыққа шығуы мүмкін. Соның бірі – Үнді-Тынық мұхитындағы державалар бәсекесі. Дәл қазіргі кезде бұл аталған алып аймақта АҚШ және Қытай сынды екі алыптың айқасы жүріп жатыр. Бұл тікелей қарулы шайқас болмаса да, саяси, экономикалық және әскери бәсекелестік тұтас мұхит елдеріне әсер етуде. Үндістан сынды осы аймақтағы маңызды күш екі тараптың да басты назарында тұр. Бұл жағынан келгенде, Үндістан мен Орта Азия елдерінде белгілі деңгейде ұқсастықтар да бар. Айталық, көп уақыттан бері сыртқы қатысуы әлсіз болып келген Үндістанды сыртқы жағдай мен ішкі проблемалар жетектей отырып, аймақтағы геосаяси жүрістерде белсенділікке шығарды. Теңіз-мұхиттағы бәсекелестік Үндістанды түрлі елдер мен аймақтарға қарата белсенді қарым-қатынас құра отырып, алып аймақтағы өзінің ұлттық мүддесін қамтамасыз етуге итермеледі. Үндістанға тиесілі бұл үрдісте Қытай және Пәкістан факторы да бар екені анық.

Жаңа Делиді белсенділікке алып келген тағы бір маңызды себеп, елдің әлеуметтік-экономикасындағы дағдарысқа жақын салмақты проблемалар. Халық санының қарқынды әрі тұрақты артуы мемлекеттің экономикалық саясатына мұрса бермей келеді. Өткен ғасыр-



дың 60–70 жылдарынан бері Дели билігіндегі әрбір үкімет үшін ел халқының ауыр әлеуметтік жағдайы басты міндет ретінде қаралып келді. Соңғы он жылдықтарда Үндістанның әлеуметтік-экономикалық даму стратегиялары миллиондаған адамның ашаршылық пен ашықтан қытылуына мүмкіндік берді. Бірақ үнді халқының санымен қарағанда мұның өзі жеткіліксіз болып қала берді. Міне, бұл жағдай іштегі еңбек күштерінің толассыз сыртқа ағылуын қалыптастырып келеді. Бұрынғы уақытта Үндістаннан басталған эмиграция көбінесе Еуропа мен АҚШ-қа бағытталатын болса, кейінгі кезде жаңа елдер мен аймақтар да Үндістаннан келетін иммиграцияның анық әсерін сезе бастады. Бұның ішінде халық саны аз, территориясы кең Орта Азия да тұр.

Егер тіпті де алыс болашақтан қарағанда, климат өзгерісінің өзі Оңтүстік Азиядан Орта Азияға бағытталатын ұлы қоныс аудару сынды қауіпті болжамдар да жасалған. Осы жөне өзге де себептерге орай Үндістан болашақтағы әлемнің басты мәселесінің біріне айналуы бек мүмкін.

БІЗДІҢ АЙМАҚ ҮШІН ДЕ
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ АРТУЫ МҮМКІН

Үндістан мен Қытай – әлемдегі халқы ең көп екі ел. Екі елдегі халық санын қоссақ 3 миллиардқа жуықтап, Жер тұрғындарының бестен екі бөлігін ұстайды. Бірақ Азиядағы екі алып мемлекет қай-қай жағынан да бір-біріне баламалы күш болып келеді. Шешім таппаған шекара мәселесі қазірдің өзінде Бейжің мен Дели арасындағы қарым-қатынасты түбегейлі орнықты етпей тұр. Екі елдің 3500 шақырымдық шекарасы бар және аумақтық егемендікке қатысты даулы аймақтары қарым-қатынасты шиеленістірген.

1962 жылы Қытай мен Үндістан арасында шекаралық дауға байланысты соғыс та болған. Ұзаққа созылмағанымен, тараптардың қарым-қатынасына үлкен дақ қалдырды. Бітпеген жара 2020 жылдың маусым айында тағы жарылып, Ладак аймағындағы Галван аңғарында қытайлық және үндістандық сарбаздар қақтығысты. Нәтижесінде екі жақтан кемінде 24 сарбаз қаза тапты. Келіссөздерден кейін екі

жақта әскерлерін кері қайтарды, бірақ әскери андысу ұзақ уақытқа дейін қалып қойды. Ал былтыр желтоқсанда Гималайдың шығысындағы шекарада қытай-үнді сарбаздары тағы да қақтығысты. Адам өлімі жайында нақты ақпарат таратылмады, бірақ кісі өлімі болғанын бейресми ақпарат көздері хабарлады.

Дели мен Бейжің де, сырт ел сарапшылары да шекара аймағында бейбітшілік пен тыныштық орнамай тұрып, Үндістан мен Қытай қарым-қатынасын қалыпқа келтіру қиын екенін мойындайды. Бірақ ішкі-сыртқы себептерге байланысты екі ел де шекара бөлінісінде бір-біріне жол бергісі жоқ. Жақында Қытай СІМ жетекшісі болып қайта тағайындалған Уаң И Қытай және Үндістан басшылары Ши Жиньпің (Си Цзиньпин) мен Нарендра Модидің ортасында екі жақты қарым-қатынасты реттеу бойынша «маңызды консенсусқа» қол жеткізгені туралы мәлімдеген. Өңгіме былтыр қарашада Ши мен Модидің Балидегі кездесуі тұрастында айтылған. Алайда, Үндістан СІМ өкілі Ариндам Багчи консенсусқа келгені туралы мәліметті терістеді. Мұның өзі тараптардың пікір алшақтығын көрсететіндей.

Тарихи терең қайшылыққа не Қытай мен Үндістан біз мүше болып отырған ШЫҰ мүшесі. Биыл көктемде Дели мен Бейжің екі елдің қарым-қатынасын ұйым ішінде реттеуге ыңғай танытқан. Бірақ бұл орайда нақты қадам жасалған жоқ. Қазіргі жағдайдан қарағанда Бейжің Үндістанмен ынтымақтастықты дамытып, екі ел қарым-қатынасын ретке келтіруге көбірек мүдделі. Бұл Қытай тарапынан жасалып жатқан құлшыныстардан да байқалады. Екі елмен жекелеген және көпжақты байланысымыздың артуы үнді-қытай қатынасын ұдайы қадағалауға итермелейді. Тіпті, алдағы уақытта үнді-қытай қатынасының біздің аймақ үшін де маңыздылығы артуы мүмкін.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

САЙЛАУ-2024: МОЛДОВА СЯСИ ДАҒДАРЫС АЛДЫНДА ТҰР

Келесі жылы Молдовада кезекті президент сайлауы өтеді. Мемлекет басшысы Майя Санду екінші мерзімге сайлануға мүдделі. Алайда, оппозиция оған өз мақсатына жетуге мүмкіндік бермеуі мүмкін.

Қазір Молдовада 3 негізгі саяси күш бар. Олар Майя Санду мен оның жақтастары, экс-президент Игорь Додон және олигарх Илан Шор. Майя елді Еуропаға бет бұруға үгіттесе, Илан Ресей және ТМД елдерімен интеграцияны қолдайды. Игорь Додон соңғы кездері биліктің еуропалық бағытын сынай бастады. Соған қарағанда негізгі дода Санду мен Додон арасында болатын түрі бар.

САЯСИ БӘЙГЕ ҚЫЗА ТҮСТІ

Майя Санду Молдованың 6-президенті. Оған дейін бұл қызметті Мирча Снегур, Пётр Лучинский, Владимир Воронин, Николай Тимофти, Игорь Додон атқарған. Ел 2009–2012 жылдары терең саяси дағдарысты басынан өткізді. Осы аралықта 3 бірдей президент ел басқарды.

Қандай саяси режим болмасын бәрінде бір қатып қалған ереже бар. Ол билікке талас. Мейлі ол демократия, авторитаризм, тіпті тоталитаризм болсын. Сарапшылар өзге елдегі саяси жағдайды сырттай бақылайтын болса, осы бір ережеге арқа сүйегені жөн. Молдовадағы 2024 жылы өтетін сайлау алдындағы негізгі саяси ойыншылар арасында билікке талас күшейді. Оған билік пен оппозицияның әрекеттері дәлел.

Сандудың саясаттағы жолын ашқан экс-президент Николай Тимофти. Ол 2012 жылы 24 шілдеде



Майяны Білім министрі етіп тағайындайды. Сонымен қатар, бұл шешім елдің еуроинтеграцияға бет бұруына өзі білмесе де ақ батасын берді.

Майя Санду экс-президенттің бастаған сара жолын жалғастыруда. Басты мақсат – ЕО мүшесі болу. Еуроинтеграциялық көзқарастар экс-президенттің тұсында күшейді. 2014 жылы алғаш рет ЕО-пен ынтымақтастық туралы келісімге келуге ұмтылды. Сол жылы Мәскеу Молдованың кейбір тауарларының импортына шектеу қойды. Жеміс-жидектерге, консервіленген тауарлар мен виноға эмбарго жарияланды. Бұл онсыз да әлсіз экономикаға ауыр соққы болды. Сондықтан 2016 жылы сайлауда Игорь Додон жеңіске жетті.

Еуропалық бағыттың әлсіреуіне банк секторындағы жемқорлық та әсер етті. Олигарх Илан Шормен бірге еуропалық интеграцияны қолдайтын Либерал-демократиялық партияның негізін қалаушы, әрі экс-премьер-министр Влад Филат та ірі қаржылық дауға іліккен.

Оған қарсы олигарх Илан Шор әрекет етуде. Ол «ШОР» партиясының төрағасы. 2015–2019 жылдары Орхей қаласының примары (әкім) болған. Ол жалпы саяси жүйеге ыңғайсыз саясаткер болған. 2017 жылдан бастап оған қарсы қылмыстық істер қозғалған. 21 маусымда елдің банк жүйесінен қаржы жымқырды деген айыппен оны Кишинев соты 7 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарады. Одан соң 2020 жылы 26 маусымда оған қарсы халықаралық іздеу жарияланды.

Быттырдан бері Илан Шордың жақтаушылары саяси белсенділікті бастады. Жер-жерде кішігірім наразылықтар өтуде. Олар биліктің шешімдеріне наразылық білдіріп келеді. Биыл 13 сәуірде банк ісі бойынша апелляциялық сот өтіп, оны сырттай 15 жылға бас бостандығынан айырады. Себебі, қазір ол Израильде өмір сүреді. Бұл жағдай билікке қарсы наразылықты одан сайын күшейтті. 21 мамырда Бельцах, Орхей және Комрат қалаларында «Шор» партиясының бас-

шылығымен үкіметке қарсы митингтер өтеді. Наразылар билікті сынап, сыртқы саясатты айқындайтын референдум өткізуді көздейтін декларацияны бекітті.

Наразылық акцияларын өткізу орындарын таңдаудың да саяси себебі бар. Илан Шор Орхейде біраз жыл басшы болған. Сондықтан оны қолдайтын азаматтардың болуы түсінікті. Ал Бельцах елдің астанасы Кишиневтен кейінгі ірі қала. Біздің Алматы сияқты. Саяси белсенді азаматтар көп. Ал Комрат қаласындағы белсенділік Санду билігіне басты тәуекел. Себебі, ол автономия болып табылатын Гагаузияның астанасы.

Президент пен Гагаузия басшылығы арасындағы дау былтыр басталған. Ал биыл Гагаузия башқаны Ирина Влах Майя Сандуға қарсы сыни мәлімдемелерді үдетті. Билік 21 мамырда Илан Шормен бір уақытта еуроинтеграцияны қолдап, ірі қалаларда митинг ұйымдастыруды жоспарлаған. Ол жоспары іске де асты. Алайда, оған Ирина Влах қарсы болды. Оның айтуынша, митинг өткізудің қажеті жоқ. Себебі, Молдова ЕО-қа үміткер ретінде тіркеліп қойған.

ЕУРОПАЛЫҚ БАҒЫТТЫҢ
САЛМАҒЫ БАСЫМ

Биыл сәуірде Игорь Додон Социалистер партиясының басшылығына қайта оралды. Сондай-ақ, соңғы уақыттары биліктің шешімдеріне жиі сын айта бастады. Әсіресе, ол Ресеймен қарым-қатынасты түзеуге мүдделі. Бұл жағынан Илан Шормен позициясы ұқсас. Алайда, екеуі бір коалиция құрмайтын сыңайлы. Себебі, Додон «Шор» партиясы өзіне жақтастарды лас саяси технологияларды қолданып жинауда деп мәлімдеме жасаған.

Саяси аренаға «Молдованың Демократиялық партиясы» да қайта оралуы мүмкін. Олар 2019 жылға дейін парламентте басым дауысқа ие болған. Сол кезде олигарх Владимир Плахотнюк партияның төрағасы еді.

Молдованың парламенті 101 депутаттан тұрады. Олар 4 жылға сайланады. «Молдованың Демократиялық партиясы» ІХ шақырылымда парламентте негізгі саяси күшке айналды. Алайда, 2017 жылы ғана толық саяси күшке ие болды. Владимир Плахотнюктің үстінен қылмыстық іс қозғалып, партиясының беделі түсе бастаған.

Өткен жылы қарашада партияның атауы өзгерді. Енді олар Социал-демократиялық еуропалық партия деп атала бастады. Атауы айтып тұрғандай, олар еуропалық интергацияға бағытталған саяси күш. Олар осылайша 2025 жылы парламент сайлауына дайындықты бастап кетті. Сондықтан парламентте орын алу мақсатында Майя Сандуды қолдауы мүмкін.

Сайлауға басты үміткерлер Майя Санду мен Игорь Додон болғанымен, қазіргі президент екінші рет жеңіске жететін сыңайлы. Додон жеңгеннің өзінде оның бастамаларына Сандудың «Әрекет пен ниеттілік» партиясы қарсылық көрсетеді. Себебі 101 орынның 63-і осы партияға тиесілі. Сондықтан ол президенттікке үміткер ретінде өзін ұсынса да, басты мақсаты бұл емес, келесі парламент сайлауына дайындық.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Үстіміздегі жылы қасиетті Түркістан-да екінші Ұлттық Құрылтай өтті. Соған орай түрлі игі іс-шаралар іске асырылып келеді. Осыған байланысты қоғам қайраткері мен елімізге белгілі азаматтар үн қатқан еді.

МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ



Нұртөре ЖҮСІП, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

БІРЛЕСКЕН ІС АЛҒА БАСАДЫ

Ұлттық Құрылтайда көптеген ұлттық, мемлекеттік, әлеуметтік мәселелер қозғалды. Жаңа ғасырдағы Қазақ елінің келешегіне қатысты бірқатар нақты бастама көтерілді.

жатыр. Соның салдарынан сумен жабдықтау ісінде үлкен проблема туындап отыр. Астанада бірқатар шағынаудандар сусыз қалды. Алматының Медеу ауданында да күрделі ахуал пайда болды.

Қазақстан үшін су проблемасы жылдан-жылға күшейе бермек. Осындай жағдайда қала әкімдіктері шұғыл әрекет етуі тиіс. Қосымша су көздерін табу, оларды су үнемдейтін жаңа технологиялар арқылы тиімді пайдалану басты мақсат болуы тиіс. Өкінішке қарай, тұрғындар тарапынан суды үнемді және дұрыс пайдалану талаптары сақтала бермейді.

Алматы қаласы таулы аймақта орналасқаннан кейін жауын-шашын көп болады. Қала көшелерінен, қаланы көктей өтетін ірілі-кішілі өзендер мен бұлақтардың, жаңбыр суын арнайы тоспа жасап, су резервуарларына жиып, техникалық су есебінде пайдалану жағы мүлдем ескерілмеген. Ғалымдар мен жаңа технологияны игерген мамандарды осы іске тартуға не кедергі?

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру да өзекті мәселе. Қазақстанда әр азамат «Бұл менің туған жерім, атамекенім! Сондықтан оны көздің қарашығындай сақтауым керек» деген түсінікті жас ұрпақтың санасына мықтап сіңдіру қажет.

Ұлттық Құрылтайда ұлттық идеологияға қатысты арналы ұсыныстар жасалған болатын. Парламент палаталарының бірлескен отырысында осы ұсыныстарды «Бекзат қоғам» деген ұлттық жобаға айналдырып, қаржыландыру мәселесін кешенді түрде шешіп, Мемлекет басшысының ой-ұсыныстарын жедел жүзеге асыруды ұсынған едім.

Ұлттық Құрылтай – халықтың арман-аңсарын тоғыстырған мәртебелі жиын. Президентіміз сол жиындарда ең өзекті деген ұлттық мәселелерді қозғап, нақты ұсыныстар жасап келеді. Бұл ұсыныстар халықтың діндеген жерінен, жүрек көңілінен шықты. Енді соның бәрін кешенді сипатта жүзеге асырудың жайына кіріскен абзал!

Сәуле ДОСЖАН, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

ҚАЖЕТ МӘСЕЛЕЛЕР КӨТЕРІЛДІ



Президент жанынан құрылған Ұлттық құрылтайдың мүшесі ретінде Түркістанда өткен екінші отырысқа қатыстым.

Мемлекет басшысының айтқанындай, «Ұлттық құрылтай бұл – арқаны кеңге салып отыратын жиын емес. Сән-салтанатпен өткізетін той да емес. Бабаларымыз маңызды шешім қабылдағанда кезде немесе елге қатер төнген сын сағатта құрылтай шақырған».

Алқалы жиынның алғашқы күнінде қоғам қайраткерлері мен Парламент депутаттары, өңірлік қоғамдық кеңестер мүшелері, сарапшылар үш секцияға бөлінген жұмыс тобында өзіндік ұсыныстарын айтып,

қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылап, шешу жолдарын ұсынды.

Құрылтайдың екінші күнінде ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» деген тақырыпта баяндама жасады. Біздің құрып жатқан мемлекетіміздің әлемдегі орны мен «Қазақстан азаматы» деген көк төлқұжаты бар адамның сапасы қандай болуы керек, қазақ деген ұлттың арманы қандай? Ел болу үшін пайғымызды қалай өзгертуіміз керек деген мәселелерге өз ойын айтып, пікірін ашық білдірді.

Жыл сайын ұйымдастырылатын фестивалі, олимпиада, сайыс, байқау, т.б. іс-шаралардың барлығы, түптеп келгенде, қоғам мүшелерінің бетін бері қарату үшін «жұмсақ күштің» қызметін атқарып отыр.

Халықаралық қатынас ғылымына «жұмсақ күш қолдану» саясаты деген терминді ең алғаш 1990 жылы американдық саясаттанушы, Гарвард университетінің профессоры Дж. Най енгізген. Оның түсіндіруінше мұнда бір ел екінші елге әскери-техникалық күш-қару қолдану емес, керісінше бейбіт сипаттағы экономика, саудасаттық, мәдениет пен өнер, идеология, гуманитарлық көмектер арқылы ықпал етіп, өзіне қаратып алады.

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ЭКОЛОГИЯ

Шіліңгір ыстығымен шілдені де өткіздік. Биылғы шілде адамзат үшін жаңа тарихтың парағын ашқандай болды. Әңгіме жер климатының тарихына қатысты болып отыр. Әлем бойынша шілде айында тіркелген санақтық мәліметтердің жалпы қорытындысы әлі жасалып болмады, бірақ ғалымдар биылғы шілде 120 000 жыл ішіндегі ең ыстық ай болуы мүмкін деп болжап отыр. Шамасы, біз сол болжамның растығына көз жеткізетіндейміз. Бұған дейін жаһандық климат өзгерісі туралы сөздерден саяси астар іздейтіндердің өзі, енді бұл шындықты жоққа шығара алмайтындай. Өткенде БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш «Планетамыз жаһандық қайнау дәуіріне аяқ басты» деген мәлімдемесін жасады.

Әлем бойынша ең жоғары температура тіркелген

Жалпы, өткен шілде айы әлем тарихындағы ең жылы айдың қазірге дейінгі рекордтық көрсеткішін жаңартқаны анық. Айдың алғашқы 25 күніндегі орташа температурасы 16,95°C құраған. 2019 жылдың шілде айында бұл көрсеткіш 16,63°C болған еді. Сонғы бірер аптада климаттық жылынудың аса жоғары деңгейде екенін көрсететін белгілер көп болды. Алысқа бармай-ақ, Алатауға қарасақ та жеткілікті мысал табылады. Ондағы мәңгілік мұздықтар қаншалықты түріліп кеткенін, Алатауымыз бара-бара «кала» емес, «қара» тауға айналып бара жатқанын көріп отырмыз. Ал әлем бойынша шілдедегі ең жоғары температура тіркелген күн жылдағыдан әлдеқайда ерте келді (биыл 6 шілдеге түс келді). Оған қоса жылдың ең ыстық 23 күні де осы айда өтті.

Жаһан жүзінде шілде айында жоғары температурадан болатын қауіптер мен соған қатысты ескертулер көбейген. Әсіресе, солтүстік жарты шарда орман өрттері мен су тасқындарының саны артқаны байқалды. Егер тізбелей беретін болсақ, жоғары температураның адам айтқысыз зардаптарын санап тауысқысыз мысалдар бар. Көптеген елдерде шілде айында жоғары температура салдарынан электр жетіспеу, энергия тапшылығы, кісі өлімдері секілді жайттар ауыр зардаптарын

ЕҢ ЫСТЫҚ ЖАЗ

Биылғы шілде адамзат үшін жаңа тарихтың парағын ашқандай болды



көрсетіп жатыр. Жер тарихындағы мұндай жылы айдың бізге дейін қай дәуірде болды дегенге жауап табу үшін жүз мың жылдан аса кері шегініп мысал іздеуге тура келді. Осының өзі біздің мұз дәуіріндегі климаттық өзгерістерге ұқсас қатерлі кезеңге жақын екенімізді көрсетсе керек.

Ғылыми болжам қалай жасалды?

Көптеген зерттеушілер биылғы шілдені 120 мың жыл ішіндегі ең ыстық жаз айы деп болжайды. Оқырманға түсінікті болу үшін ғалымдар мұндай болжамды қалай жасайды дегенге келейік. Әдетте, зерттеушілер ауа температурасын бүкіл әлем бойынша орналасқан метеостанциялар жинақтаған деректерге сай анықтайды. Бірақ бұл тұтас Жер бетінің орташа ауа температурасын дәлме-дәл анықтау үшін жеткіліксіз. Себебі, метеостанциялар барлық аумақты қамти алмайды. Сондықтан ғалымдар жасанды жер серіктерінің атмосферасы мен климатқа қатысты жинақтаған деректерін біріктіре отырып, қыруар деректі арнайы компьютерлік бағдарламаларға жүктейді. Бұл бағдарлама жаһандық температураға қатысты ең сенімді деген бағалауын жасап шығарады. Бұл қорытындыны алдағы бірер

аптаның ауа райына қатысты болжамдармен біріктіргенде шілденің рекордтық көрсеткіштері анықталған.

Бұдан 150 жыл бұрын әлем елдерінде ауа температурасын естелікке ала бастаған. Бұл уақыт аралығында биылғы шілденің орташа температурасына тең келетін санақ естелігі жоқ. Тіпті, болжалды түрде мың жыл ішінде де кездеспейді. Бұны анықтау үшін ғалымдар полярлық мұз өзектерінде немесе терең мұхиттағы шөгінділерде қалған ауа сияқты сирек мәліметтерді салыстыруға пайдалана алады. Бұлар бізге бұдан жүз мыңдаған жыл алдындағы Жер климаты туралы мәлімет бере алады. Қазірге дейінгі ғылыми зерттеулерге сенсек, биылғыдай ыстық шілде 120 мың жыл бұрын болған болуы мүмкін. Әлемді таңқалдырған ғылыми болжам міне осылай жасалған.

Себеп пен салдар

Миллиондаған, тіпті миллиардтаған адамдардың өміріне әсер еткен шілденің қатал көрсеткіштері – біздің болашағымыздың қатерлі болжамы. Бұндай жоғары температураға, түптеп келгенде, климаттық өзгеріске басты себеп ғалымдар қазба отындарды пайдалану деп санайды. Қазіргі адамзат энергиядан қол үзе алмайды. Мұнай-газ, көмір

секілді қазып алынатын отындар арқылы энергия өндіру өмір сүруді жеңілдеткенімен, түптеп келгенде адам баласы ғана емес, Жер планетасының өмір сүруін қиындатып жатыр. Жағылған әрбір көмір кесегінен тартып, жанған әр тамшы мұнай өнімдерінің бәрі дерлік ауаға парниктік газдарды бөліп шығара отырып, жаһандық климатқа әсер етеді. Егер Жердің орташа ауа температурасы қазіргіден 1,5°C жоғарыласа болды, бұл үлкен жаратылыстық апатқа соғатынын мамандар ұдайы ескертіп келеді. Ал оның салдарын елестетудің өзі қиын.

Егер климаттың жылыну тенденциясы қазіргі қарқынын сақтаса, онда енді 20–30 жылда экватор сызығына жақын елдерде адамдардың өмір сүруі мүмкін болмай қалады деген ғылыми болжамдар бар. Себебі, ылғалды әрі ыстық ауаны тыныстауға адамзаттың өкпесі жарамсыз. Адамдар бірден ауа жетпей тұншығып өлмесе де, тыныс жолы ауруларынан ұзақ өмір сүре алмайтын болады.

Қазақстан үшін жаңа міндеттер жүктеледі

Шамалауымызша, табиғаттың өзгерісі жыл сайын қатаң ескерту жасап жатқандықтан, түбінде әлем елдері мәселені ортақ шешуге жұмылары анық. Сондықтан біз алдағы уақытта энергетика саласындағы болуы ықтимал өзгерістерге ертеден дайындалуға тиіспіз. Айталық, Қазақстан қазірден бастап мұнайға деген тәуелділіктен біртіндеп арылудың орта және ұзақ мерзімді перспективадағы стратегиясын түзуге тура келеді. Электр энергиясын өндірудің балама жолдарын, жасыл энергия өндіру бағдарламаларын қазірден бастап аса қарқынды қолға алу маңызды. Алдағы уақытта жаһандық климат өзгерісі қаупінің артуына байланысты оған қарсы әрекеттер пәрменді жүргізілуі мүмкін. Халықаралық қауымдастықтың қазба отынды пайдалануға деген шектеулері қатаң бола түседі. Әрі адамның ортақ келешегіне қатысты болатындықтан бұл міндеттемелер өзекті бола отырып, соған сай халықаралық санкция мен эмбогалар да қатандайды. Сондықтан еліміз үшін экономикалық жүйемізді және энергетика саласын ерте бастап алдағы ықтимал жаңа дәуірге дайындау керек.

Естай БОЖАН.



ИННОВАЦИЯ

АЛМАТЫНЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЛАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

«Дәстүрге айналған «Қазақстанның үздік тауары» көрме-байқауы алматылық өндірушілерге жыл сайынғы мереке іспетті. Көрме арқылы қала тұрғындары мен қонақтары отандық өнімдерді көреді, жоғары сападағы тауарларды өзіндік құнмен сатып алуға мүмкіндік алады. Кәсіпкерлер бір-бірімен танысады, нарықтағы әлеуетті бәсекелестерді бағалайды, өзара іскерлік байланыс орнатады. Бүгін көрмесе балаларын ертіп келген отбасылардың көптігі қуантты», – деді Алматы қалалық кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры Нариман Ибрагимов.

Мынадай үш аталыммен (номинация): «Өндірістік максаттағы үздік тауарлар», «Халыққа арналған үздік тауарлар», «Үздік азық-түлік тауарлары» үздік тауар өндірушілер анықталды. Жеңімпаздарды жергілікті атқарушы органдар, бизнес-қоғамдастық, кәсіпкерлер палатасы жанындағы өңірлік кеңестің мүшелерінен құрылған арнайы комиссия анықтады. Әр аталымнан 3 жеңімпаз іріктелді. Өңірлік іріктеудің жеңімпаздары жылдың соңында ҚР Президентінің қатысуымен өтетін республикалық байқауға қатысады.

Алматы қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мәліметінше, оңтүстік астана – Қазақстандағы кәсіпкерлік бастаманың орталығы. Қалада өңірлік экономиканың жартысынан астамын (53,9%) құрайтын шағын және орта бизнес дамыған. Онда 871,9 мың адам немесе экономикалық белсенді халықтың 79,5%-ы жұмыс істейді.

«Бүгінде шағын және орта бизнес қала экономикасының іргетасы іспетті. Қалада барлығы 380 мың шағын және орта кәсіпкерлік субъекті тіркелген. Бұл былтырғымен салыстырғанда, 22%-ға жоғары көрсеткіш (312 784 бірлік). Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілер саны 323 083 бірлікті құрайды. Бұл былтырғы осы кезеңнен 39%-ға артық (233 030 бірлік). Республика бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілер жалпы санындағы Алматының үлес салмағының шамамен 16,2%-ын құрайды, сол арқылы осы көрсеткішпен мегаполис жыл сайын елімізде бірінші орын алады», – деп атап өтті Алматы қалалық Кәсіпкерлік және инвестиция басқармасының жетекшісі Берік Солтанбаев.

Көрме-байқауға келген қонақтарға арнап концерттік бағдарлама мен бағалы сыйлықтар ұтысы ұйымдастырылды. «Сапа саласындағы беделді байқауға екінші рет қатысып жатырмыз. Бізге өз саламызда үздік болу, басқа әріптестермен танысу маңызды. Былтыр «Іскер» номинациясында үздік атандық. Жалпы инновациялық технологиялар саласында ілгерілеу бар, осы бағыттағы дамуына үлес қосып жатқанымызға қуаныштымын. Отандық өндірушілерді қолдайтын осындай көрмелер жылына бірнеше рет өткізілуі керек деп санаймыз», – деді «Мед365» ЖШС директоры Шыңғыс Құлахметов.



Сондай-ақ, алғаш рет «Қазақстанның үздік тауары» көрме-байқауы аясында жергілікті шикізаттан өндірілген «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысушылардың өнімдері ұсынылды. Байқау көлөнершілерді ынталандыру, мықты шеберлерді анықтауға бағытталған. Көлөнершілер

этникалық стильде топтамалар, қыш, саз, металл, киіз бен жібектен жасалған бұйымдар, зергерлік бұйым мен кәдесыйларды көпшілік назарына ұсынды.

Айта кетейік, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жоба аясында құрылған «Мен кәсіпкер» бағдарламасын құраушы. Байқау комиссиясының шешімімен «Өндірістік максаттағы үздік тауарлар» аталымында адамның қан қысымы мен жалпы жай-күйін бірден анықтайтын жоғары технологиялық аппараттарды өндіретін «Мед365» ЖШС, құбырларға арналған есеп аспаптары мен қосалқы бөлшектерді шығаратын «Қазақстан құбыр жүргізу жүйелері» ЖШС, керамикалық гранит, табиғи тас өндіретін «City stone» ЖШС үздік атанды.

«Халыққа арналған үздік тауарлар» аталымында тұрмыстық химия өнімдерінің кең спектрін өндіретін «Microhim» ЖШС, биотыңайтқыштар, төрт-түлікке арналған биологиялық қоспаларды өндіруші «Black biotechnology» ЖШС, жылу сақтау, оқшаулағыш материалдарды шығаратын «Терпостил» ЖШС топ жарды.

«Үздік азық-түлік тауарлары» аталымында фаст-фуд өнімдерін дайындайтын «Red Dragon Almaty» ЖШС, табиғи шырындар, компот, сусын өндіруші «Шарын шырыны» жеке кәсіпкерлігі, органикалық азық-түлік өнімдерін өндіретін «Organic foods» ЖШС жеңіске жетті.

Бұл компаниялар оңтүстік астананың беделін республикалық деңгейде өтетін байқауда қорғайтын болады. «Бір ауыл – бір өнім» байқауында қатысушылар іріктеудің бағалау кезеңінен өтті. Байқау жеңімпаздары комиссияның дауыс беруінен соң 10 күннен кейін жарияланады.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ЖЕР ЖЕКЕДЕ ҚАЛМАЙДЫ

Алматы әкімдігі «Әйгерім» ықшамауданындағы жер телімін өз бетінше басып алу әрекетінің жолын кесті



Қала әкімінің халықпен кездесуі – өзекті мәселелерді шешу мен дау-шарларды реттеуге ықпал ететін ашық диалог. Тұрғындардың сөзіне құлақ асу заңбұзушылықты уақтылы жою мен істің оң шешілуіне мүмкіндік береді.

Мәселен, Ерболат Досаевтың Алатау ауданының тұрғындарымен кездесуінің қорытындысымен «Әйгерім» ықшамауданындағы өтініш берушінің мәселесін шешу 2 күнге созылды.

Аудан тұрғыны контейнерді заңсыз орнату мен жерді заңсыз басып алуға шағымданды. Ақпараттың анық-қанығын Алатау ауданының әкімі А.Қалдыбеков, қалалық жоспарлау және аумақты дамытуды үйлестіру қызметі мен жер ресурстарын басқару басқармасының басшылығы барып тексерді. Әкімдік өкілдері контейнер орнатылған жер 2018 жылдан бастап қала резервінде екенін анықтады.

Тиісінше, оны жекеменшікке беру мүмкін емес. Муниципалдық меншікке «Әйгерім» ықшамауданының инспекторы Сәбит Балтабайұлы қол сұғуға әрекеттенген. Жерді иелену құқығына дәлел ретінде ол әділет органдарында тіркелмеген 1998 жылғы заңсыз шешімді көрсетті. Тексеру нәтижесінде инспекторды қызметтен босату туралы шешім қабылданды. Жұмыстан босату туралы бұйрық қала әкімінің аппаратына жіберілді.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Құбыр тартылып, ауызсумен қамтылды



«Ақжар» ықшамауданының 22 мыңнан астам тұрғынына бүгіннен бастап жаңа су құбыры тартылып, ауызсумен қамтамасыз етіледі.

Шілденің соңына дейін жалпы ұзындығы 3,4 шақырым жаңа құбырды сығымдауды аяқтау жоспарланып отыр. Сәтін салса, Наурызбай ауданы «Ақжар» ықшамауданындағы жаңа су құбыры тармағы мен сорғы стансасы жұмыс істей бастайды. Бұдан былай осы ықшамауданда тұратын 22 мыңнан астам тұрғын жерасты көздерінен үздіксіз сумен жабдықтауға қол жеткізбек.

Диаметрі 400 мм су құбыры «Ақжар» ықшамауданында магистральдық су құбыры мен кәріз желілерін салу бағдарламасы аясында салынды. Жобада барлығы 28,8 шақырым инженерлік желі салу көзделген, қазір жұмыс аяқта-

лып келеді. Бұған қоса, қала билігі Наурызбай ауданының инженерлік инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмысты жалғастырып отыр.

Мәселен, бүгінге дейін 130 шақырым су құбыры мен 65 шақырым кәріз желісі салынды. Биыл Қарғалы өзенінде жаңа сүзгі стансасының құрылысы бітеді. 2025 жылға дейін Ақсай өзенінде осындай сүзгі стансасының құрылысын аяқтау көзделген. Бұл шаралар Наурызбай ауданының 150 мың тұрғынын тұрақты сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұрын хабарланғандай, мұздықтардың қатты еруінен пайда болған тау өзендеріндегі сел ағыны Наурызбай ауданындағы су жинауды шектеді.

Бетті әзірлеген Айнабай МӘДИ.



БРИФИНГ

Инватакси жобасы қосымша қажеттіліктері бар адамдар үшін қолайлы және қауіпсіз қозғалуды қамтамасыз етуге бағытталған және осы жылдың қыркүйегіне дейін екі ай ішінде пилоттық режимде іске асырылатын болады. Ол туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан ЖАУБАСОВ айтып берді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Спикердің айтуынша, мегаполисте «Инватакси» қызметін 2 мыңнан астам адам пайдаланады, оның 800-і мүгедек балалар. Биыл инватакси қызметін ұйымдастыруға жергілікті бюджеттен 920 млн теңге бөлінді.

«Бұған дейін мегаполисте қосымша қажеттіліктері бар адамдарды тасымалдауға мамандандырылған көлік тапшылығы байқалған болатын, және де инватакси қызметтерінің сапасына қатысты ескертулер болған. Көрсетілетін қызметтерді барынша қамту және сапасын арттыру үшін Алматы қаласы әкімдігінің бастамасымен және Еңбек министрлігінің қолдауымен «Яндекс. Такси» агрегаторы арқылы инватакси қызметтерін ұсыну жобасы жүзеге асты», – деді Б.Жаубасов.

Сонымен қатар, жоба аясында оң нәтижелері бойынша ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі нормативтік-құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізуді жоспарлап отырғанын атап өтті.

Қызметті жеткізушілер үшін «Яндекс такси» платформасында есептік жазбалар жасалды және мүгедектігі бар адамдарды пилоттық жобаға қосу мүмкіндігі берілді. Осы пилоттық жобаға қосылған мүгедектігі бар адамдар «Яндекс такси» қосымшасы арқылы қызметтерге тапсырыс беруді ыңғайлы уақытта Яндекс Go қосымшасында арнайы әзірленген «INVA» тарифі арқылы дербес жүзеге асыра алады. Бұл пилоттық жобада күніне сапарлар санында шектеу қойылған, мүгедектігі бар бір адам үшін күніне 2 сапардан аспайтын лимит белгіленген.

Айта кету керек, жыл сайын бұл қызметке қажеттілік артып келеді: 2021 жылы

ИНВАТАКСИ

қызметтері кімге көрсетіледі?



1462 мүгедек адам, оның ішінде 357 мүгедек бала болса, ал 2022 жылы 1488 мүгедек жан, оның ішінде 632-сі бала.

Алматы қаласы бойынша қызмет азаматтардың бес санаты үшін ұсынылады:

- кресло-арбамен қозғалатын және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балалар үшін;
- көру қабілеті бұзылған мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балалар үшін;
- аутизм спектрі бұзылған мүгедектігі бар балалар үшін (аутизм).

Шілде айынан бастап 2023 жылдың соңына дейін 4 «Инватакси» қызметімен мемлекеттік сатып алу шарттары жасалды, автомобильдер саны 64-тен 100 көлікке дейін ұлғайтылды.

Инватакси қызметіне қатысты барлық сұрақ бойынша Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының тең мүмкіндіктер бөлімі жанындағы 338-30-09; 338-30-06 нөмірлері бойынша call-орталығына, сондай-ақ open-almaty.kz порталы арқылы хабарласу қажет.

Анықтама үшін:

1. «Inclusion.kz» ҚБ – кресло-арбамен қозғалатын мүгедек адамдар үшін (24 автокөлік). Байланыс: +7 707 710 60 50, +7 771 748 06 50, +7 747 195 35 75, +7 771 748 06 51;

2. «ЦРУ Инватакси» ЖШС – кресло-арбамен қозғалатын балалар (24 автомашина). Байланыс: +7 (727) 339-03-87, +7 701 306 07 76, +7 776 622 22 64;

3. «Social Project Organization Group» ҚБ – аутизммен ауыратын балалар (14 автокөлік). Байланыс: +7 (727) 254-55-94, +7 (727) 367-29-29, +7 708 254 55 94, +7 707 238 93 86;

4. «Денсаулық – зор байлық» МҚБ – 18 жасқа дейінгі көру қабілеті бұзылған балалар (16 автокөлік). Байланыс: +7 707 878 25 44, +7 702 925 00 48;

5. «Денсаулық – зор байлық» МҚБ – 18 жастан асқан көру қабілеті бұзылған мүгедектер (22 автокөлік). Байланыс: +7 700 070 57 10, +7 (727) 972-68-09.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ



САЛҒЫРТТЫҚ СЕРГЕЛДЕНГЕ САЛАДЫ

Есірткі заттарына қатысты талапты орындамаған 41 медицина қызметкері жауапқа тартылды

ІІМ өкілі Ақтоты Боранова жақында өткен «Дәрмек» жедел-профилактикалық іс-шарасының нәтижесі туралы баяндады.

Оның барысында дәріханаларда препараттарды сату жағдайлары да тексерілді. «Дәрмек» операциясы республика аумағын тұтас қамти отырып өткізілді. Бұл тұрғыда медициналық мекемелер, дәріханалар, қоймалар, өнеркәсіптік кәсіпорындар және басқа да нысандар тексерілді.

«5 күнде препараттар заңды түрде өткізілетін нысандарда есірткі, психотроптық немесе улы заттарға қатысты тиісті ережені орындамаудың 28 фактісі және 193 әкімшілік құқық бұзу дерегі анықталды», – деді А.Боранова министрліктің баспасөз алаңында өткен брифингінде.

Оның айтуынша, осы тексеріс барысында әкімшілік жауапкершілікке 193 адам тартылды, оның ішінде 41 медицина қызметкері бар.

«Есірткі заттары бар 8,8 мың таблетка мен 7,4 мың ампула, психотроптық заттары бар 28 мың таблетка және 8,2 мың ампула тәркіленді. Заңды тұлғалардың қызметіне қатысты жүргізілген тексерулер нәтижесінде, лицензиялық нормалар мен техникалық талаптардың бұзылуына байланысты 3,2 мың тоннаға жуық прекурсор мен 459 тонна улы заттың айналымы шектелді», – деді ведомство өкілі.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Адам саудасына жол жоқ!

Бүкіләлемдік адам саудасымен күрес күніне орай, «Сайран» халықаралық автобекетінде «Родник» қоғамдық қорының ұйытқы болуымен іс-шара өткізілді.

Еліміздегі адам саудасымен күресті үйлестіруді арттыру бағытында өткен іс-шараға аталған қоғамдық қор қызметкерлерімен бірге Алматы қалалық ПД ұйымдасқан қылмыспен күрес басқармасының, аудандық ПБ-ның жергілікті полиция мен миграциялық бөлімдерінің мамандары, Әуезов ауданы әкімдігінің өкілдері, аудандық «Бақытты отбасы» қоғамдық ұйымының қызметкерлері қатысты. 2010 жылы 30 шілдеде БҰҰ-ның адам саудасымен күрес іс-қимылы бойынша Жандық жоспар қабылданған болатын. Араға үш жыл салып, 2013 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясымен осы мәселеге орай шешім қабылданып, атаулы күн 2014 жылдан бері атап өтіліп келеді.

«Ұйымдастырылып отырған «Адам саудасына қарсы бірге күресеміз» атты акцияның мақсаты – жалпыжұртты атышулы зұлымдыққа қарсы үндеу. Қалалық ПД, аудандық ПБ-ның салалық мамандарымен, аудандық әкімдік өкілдерімен, қоғамдық ұйым қызметкерлерімен халықаралық құқық нормаларын сақтау жолында адам саудасына қарсы күш біріктіреміз. Адам құқы аяқасты болмауы қажет. Осы миграциялық топтарға жәрдем жасаймыз. Жұмысымыз нәтижесіз емес, бытыр ақысыз-пұлсыз еңбекке жегілген бір тәжік азаматының құқығын қорғап, құжаттарын реттестіріп, еліне қайтуына жәрдемдестік. Кінәлілер жасаға тартылды. Ырықсыз жұмысқа жегіліп, еңбегі қаналғандарға әркез көмекке әзірміз. Бұл да адам саудасының элементі. Біз осы ретте Алматы қаласы мен Алматы облысының жақын аумақтарында кемінде айына үш рет ақпараттық алдын алу жұмыстарын жүргіземіз», – дейді «Родник» ҚҚ әлеуметтік бағдарламалар үйлестірушісі Ғазиза Жайсаңбаева.

А.ҚЫДЫР.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖАҢА ОРЫНДАР БЕЛГІЛЕНДІ

Алматыда діни әдебиеттерді тарататын орындардың тізімі жаңартылды. Тиісті заң жобасына Алматы қаласы Дін істері басқармасы ұйытқы болды. Оны барлық мүдделі азамат талқылай алады.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Алматы қаласы Дін істері басқармасы «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы» әкімдік қаулысының жаңа жобасын әзірледі.

Осы жобаға қосымшада діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды таратуға рұқсат етілген қала аумағындағы 29 тұрақты үй-жайлардың тізімі көрсетілген. Осы қаулының жобасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына қайшы келмейді және нормативтік құқықтық актілерге қойылған талаптарға жауап береді. Ол нормативтік құқықтық акт интернет-порталда 07.08.2023 ж., 24.07.2023 ж. дейін орналастырылған.



Барлық мүдделі азамат мына сілтеме бойынша жобаны талқылауға қатыса алады.

Естеріңізге сала кетейік, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы ҚР Заңының 9-бабына сәйкес, діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни білім беру ұйымдарында, сонымен қатар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арна-

йы белгілеген тұрақты үй-жайларда таратуға жол беріледі.

Осыған байланысты Алматы қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 қарашадағы №4/945 қаулысымен 27 арнайы тұрақты үй-жай анықталды. Аталған қаулы бекітілгеннен бері Заңға өзгерістер енгізіліп, нормативтік құқықтық актілердің мазмұны да түзетулерді талап ететін белгілі болды. Сонымен қатар, тізімде көрсетілген бірқатар ұйым өз қызметін тоқтатты. Бұдан бөлек, Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы жаңа тұрақты үй-жайларды бекітті.



● КОНЦЕРТ



«АЗИЯ ДАУЫСЫ»

музыкалық фестивалі қайта жанданды



Алматыдағы Медеу мұз айдынында Black Eyed Peas тобының мега-жұлдыздары «Азия дауысы–2023» фестивалінде өнер көрсетті.



Олжас
МҰРАТБЕКҰЛЫ

Фестиваль тарихында алғаш рет шақырылған әлем жұлдыздарының толыққанды жеке концерті өтті. Ол zakazbileto.kz жобасының директоры Сәбит Сүлейменовтің арқасында мүмкін болды. Неліктен «Black Eyed Peas»? Олар Қазақстанға қалайша келді? Сәбит Сүлейменовтің айтуынша, Black Eyed Peas тобы қазір Еуропадағы гастрольде жүр. Егер олар Америкада болғанда алып келу қиынға соғар еді. «Азия дауысының» уақытында олар бос болды. Алматыға Венгриядан ұшып келді, енді Испанияға ұшып кетеді.

Қазіргі уақытта Black Eyed Peas тобы «Where is the Love?» хитінің 20 жылдығы және осы аттас тоғызыншы альбомның шығуына орай Elevation әлемдік турнелік өткізуде. Бірге атап өту үшін тірі аңыз will.i.am топқа қайта қосылды. Ал J.Rey Soul Фергиді сәтті алмастырды.

Кешегі концертте кішігірім оқиға болды. Дағыстаннан келген топтың жанкүйері сахнаға плакат ұстап кірді. Тіпті, онымен бірге әннің бір бөлігін орындады. Оның қуанышында шек болмады! Стадиондағы бақытты адам мен will.i.am әрекетін қатты қолдады. Бұл қазірдің өзінде жанданған «Азия дауысы» туризмінің дамуына мықты әсер беруде. Себебі, Қазақстанның әр қалаларынан және Ресей, Біріккен Араб Әмірліктері сияқты бірнеше елдерден жанкүйерлер Алматыға тек Black Eyed Peas үшін келді. Алматы бұ-



рын-соңды мұндай керемет шоуды көрген емес: Black Eyed Peas 2000 жылдардағы хиттерін орындаған кезде көрермендер түгел билеп кетті.

Бұл салтанатты кеш өте жақсы аяқталды. «Харекет» қоғамдық қоры «Азия дауысы» сахнасында қазақстандықтардың ақшасына

сатып алынған пәтердің кілтін мұқтаж отбасына табыс етті! «Харекет» қоры 2017 жылы «1000 ТЕҢГЕГЕ БАСПАНА» жобасы аясында құрылған еді. Мұқтаж жандарға көмектесу үшін әркім бар болғаны мың теңге бере алады. Осылайша көмекке қажетті сома жиналады. Құрылғалы бері қор отбасыларға 650-ден астам үй сатып алса, кеше Айгүл Сарыбаеваның отбасы баспана кілтін алды. Шаңырақтары бақытқа толы болсын! «Азия дауысы» әнмен ғана емес, игі істермен де біріктіреді!

Фестиваль демеушілік пен ақпараттық қолдаудың арқасында мүмкін болғанын еске саламыз! «Азия дауысы–2023» фестивалінің бас серіктесі және тең ұйымдастырушысы – Halyk Bank. Оның сыйлықтары күн сайын Медеудегі іс-шаралар кезінде ойнатылады және оған барлығы қатыса алады!

30 шілдеде өтетін концертке билет сатып алғандар фестивальдің тағы бір демеушісі – Allur Auto ұсынған Chevrolet Onix автокөлігін ұтып алу мүмкіндігіне ие болды.

Алматы қаласының әкімдігі көрермендердің Медеуге оңай жетіп, қалаға жылдам оралуын қамтамасыз етті. Фестиваль кезінде қосымша автобус бағыты іске қосылды. Сәтбаев пен Байтұрсынов қиылысынан автобустар сағат 14.00-ден 24.00-ге дейін 10–15 минут аралықпен жүріп тұрды. Бір бағытқа жүру құны 150 теңге. Кеше концерттен қайтқан халықты автобустар тегін тасыды.

Ресми телеарна: Silk Way болса, ресми газеттер: «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Алматы» болды.

Ақпараттық қолдауды «1 канал «Евразия», «НТК», MUZZONE TV, Business FM, RadioCity, «Деловой Казахстан», «Қала мен дала», «Новое поколение», «Московский комсомолец», Forbes.kz, Zakon.kz, Caravan.kz, Kursiv.media, Nege.kz, Arbat.media, Informburo.kz, Baigenews.kz, Zhatpa.kz, Weproject.media, DALA INSIDE телеграммы, Түркітілдес журналистер қоры мен «Қазақтандық пресс-клуб» жүзеге асырды. Сонымен қатар, «Азия дауысы» жобасының негізін салған, идея авторы Мұрат Ерғалиев пен режиссер Александр Пономаревтың ерлігі ойға оралады.

Айта кетейік, ән фестивалі 3 күнге созылған болатын. Жас өнерпаздар Ғалымжан Молданазар, Садриддин, тағы басқалар өнер көрсетті, ән шырқады.

«Біздің шарамыз көптің көңілінен шыққанына ризамыз. Көрермендер көптеп келді. Қолдауларыңызға алғыс білдіреміз», – деді медиаменеджер Арманжан Байтасов. Қазіргі таңда жас өнер жұлдыздары өсіп келеді. Олар да аты аңызға айналған фестиваль концерттеріне қатысқандықтарына дән риза.

«Азия дауысы» – аңызға айналған фестиваль. Бала кезімізден ынтық болып өстік. Бүгінде әртіс ретінде өзім шықтым. Жүрегімнен үлкен орын алады», – деді әнші Ғалымжан Молданазар. Сондай-ақ, қала тұрғындары да өз көңіл күйімен бөлісті. Іштегі сырларымен бөлісіп, бұрынғы кезеңдерді еске алды.

«Қанша жылдан бері күттік. Осы концерттік шараны сағындық. Сонау 2000 жылдардың төңірегінде аты дүркіреп тұратын. Сол кезде теледидардан көрсетіп, газетке жарнамалайтын. Енді тек жандана берсін деген ниеттеміз», – деді қала тұрғыны Гүлзира Оразова.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ

ALMATY CIRCUS FESTIVAL

Әлемдік цирк өнерінің ең үздік артистері Алматы аренасында өнер көрсетті



Суреттері түсіріп Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы шаһарында тұңғыш рет Almaty circus festival атты I Халықаралық цирк өнерінің фестивалі өтті. Қазақ мемлекеттік циркінде Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған фестивалде әлемнің 15 елінен келген артистер бір аренада өнер көрсетті.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

15 МЕМЛЕКЕТТЕН – 80 АРТИСТ

Фестивальде БАҚ өкілдері үшін баспасөз мәслихаты ұйымдастырылды. Онда Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Мақсат Жайықов фестивальдің мақсат-мұраты туралы айтты.

– Қазақ мемлекеттік циркі – Қазақстандағы ең көне әрі жетекші өнер ордасы. Жарты ғасырлық тарихы бар Алматы циркінде бұл Халықаралық цирк өнері фестивалі алғаш рет өткізіліп отыр. Бұл іс-шара қазақ цирк өнерін насихаттау мен дамытуды, сондай-ақ отандық цирк ұжымының халықаралық деңгейдегі мәдени қатынасын нығайтуды көздейді. Сондай-ақ, көрермендердің біздің цирктің мүмкіндіктері туралы түсінігін кеңейту де бір мақсатымыз, – деді баспасөз мәслихатында Қазақ мемлекеттік циркінің директоры М.Жайықов.

Цирк асқан жанкештілікті, ұшан-теңіз, өлшеусіз еңбекті талап ететін өте нәзік өнер. Тіпті, манежде шығатын артистердің басын бәйгеге, ажалға тігіп, көзсіз батырлыққа баратыны да жасырын емес. Ал оларды осыншалықты құрбандыққа жетелейтін, сөзсіз, цирк өнеріне деген шексіз сүйіспеншілік, махаббат. Иә, 15 мемлекеттен 80 артист түрлі жанрда 24 нөмір ұсынды, фестивальдің ең жоғарғы марапатын алу жолында бойындағы барын салды.

Фестивальде отандық және шетелдік цирк өнерінің майталмандары, нақтырақ айтсақ, гимнастар мен акробаттар, жонглерлер мен иллюзионистер, арқанмен жүрушілер, клоундар өнер көрсетті.

ЖАНКЕШТІ ӨНЕР

Қазақстан, Германия, Вьетнам, Эфиопия, Мәскеу, Якутия, Украина, Беларусь, Ресей, Ұлыбритания, Литва, Чехия, Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстан елінің өкілдері бак сынасқан фестиваль қатысушыларының өнерін әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған ең мықты қазылар алқасы бағалады.

Осы орайда айта кетсек, еліміз бойынша үш цирк бар: Алматы, Астана және Шымкентте. Солардың ішінде тек біздің қалада ең көп артист, яғни 120 өнерпаз жұмыс істейді.

Фестивальдің негізгі шоу-бағдарламасын Өзбекстаннан келген екі акробат ашты. Алғаш бастағасын ба, көрермендер олардың ауада жасаған әрбір трюктеріне ықыластана қол соғып отырды. Күрделі трюктерге келгенде демдерін ішіне тарта, сілтідей тына қалады көрермен. Бір кезде цирк іші ду қол шапалақтауға тұнып кеткенде, манеждегі өнерпаздар да шабытта-на жөнеледі. Өзбекстандық акробаттардың бірі арқаннан ұстаған екіншісін тісімен, еш сақтандырусыз жоғары қарай көтеріп әкетіп бара жатқан трюк әсерлі де сәтті шықты деп айтуға болады. Эфиопиядан келген әкелі-балалы қонақтар да манеждің сәні болды. Мәселен, кішкентай ғана қағылез баланың сағат тілінің бағытымен үздіксіз сыр айналған трюкі керемет көңіл күй сыйлады деп айтуға болады. Атақты Никулин циркінің өнерпазы, ресейлік гимнастшы Антон Михеев болса әуеде тек бір ғана доптың өзімен бірнеше күрделі трюк жасап, көрерменнің тәнті етті. Айтпақшы, біздің елге алғаш келіп тұрған ол Алматыда аялдап, бір ай өнер көрсетуге ниетті.

АТ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАҒАН ҚЫЗДАР

Алматы циркінің манежінде халықаралық Netflix, HBO жобаларының қаты-

сушылары, каскадерлік өнердің әлемдік жұлдызы саналатын отандық Nomad атты-акробатикалық тобы да өнер көрсетіп, көрермендерін таңдай қақтырды. Ат құлағында ойнайтын біздің қыздар ат үстіне еркін қарғып мініп, үстінде де, бауырында да еш сақтандырусыз түрлі трюктер жасады. Олар бізге ұлы даланың өршіл де қайсар жауынгер қыздарын елестеткендей болды.

Бұл орайда фестивальге қатысушы меймандардың бірі Роман Романовтың өзі де: «Қазақстандық артистердің дайындығы өте керемет екенін байқадым. Көрсеткен нөмірлері таңқалдырады. Қыздар да қайсар екен. Түрлі әдіс-тәсілдер қолданғанда өзім қорқып кетіп, мен де көзімді жұмып алған сәттерім болды», – дейді.

Шоу-бағдарламада қызықты да күлкілі көріністер ұсынған клоундардың өнеріне балалар тұрмақ, үлкендер де балаша қуанып, шаттана қол соқты. Иә, цирк өнерінің ең нәзік те, иірімдерге толы жанрларының бірі – клоунада деседі. Клоунсыз цирк – цирк пе?! «Клоун» сөзі латынша тәржімалағанда «қарапайым адам» деген мағынаны білдіреді екен. Сонау 1700 жылы Лондон театрларының бірінде дүниеге келген бұл жанр көрерменіне жеңіл көрінгенімен, қаншама шығармашылық ізденіс пен көрерменнің жан-дүниесін ұғына білуді талап етеді. Бағдарлама кезінде «Астана циркінен» келген клоундар көрермендерді бір серпілтіп алып отыру үшін қызықты нөмірлерін ұсынып, жасты да, жасамысты да күлкіге көміп тастады. Әсіресе, кішкентай достарымыз аса риза.

ЕҢ, ЕҢ, ЕҢ...

Сөйтіп, Алматыда өткен тұңғыш Халықаралық цирк фестивалінде «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан ең мықтылар анықталды.

ГРАН-ПРИ:

– атты-акробатикалық Nomad тобы (жетекшісі «Күрмет» орденінің кавалері Қанатбек Күнғожинов), Алматы, Қазақстан.

АЛТЫН ЖҮЛДЕ:

– Moment of love әуе гимнастары (Вьетнам);
– Жонглер триосы (жетекшісі Роман Романов), Якутия;
– «Адамант» серіппелі тақтайшадағы акробаттар (Ресей).

КҮМІС ЖҮЛДЕ:

– «Фараон» даршылар (жетекшісі Рустам Хаметов), Өзбекстан;
– Nassak тобы – қос дінгекті акробаттар (жетекшісі Әділет Тиканов), Алматы, Қазақстан;
– Чу Тхи Хан Хуен – қылышпен әуедегі тепе-теңдік (жетекшісі Тонг Тоан Танг), Вьетнам.

ҚОЛА ЖҮЛДЕ:

– Sergei и Olga – турниктегі акробаттар (Германия);
– Егор Коваленко – дінгектегі әуе гимнасты (Беларусь);
– «Арий тәжі» – перштағы эквилибристер (жетекшісі Алмасхан Ильясов), Тәжікстан;
– Soldier of love – диаволо Алексей Теслин (Литва).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мақсат ЖАЙЫҚОВ,
Қазақ мемлекеттік
циркінің директоры:

ӘДЕМІ ДЕ ЕҢСЕЛІ ЦИРК БАРЫН КӨРДІ

Әлемдік деңгейде көрініс тапқан бұл фестиваль жыл сайын дәстүрге айналады деп сенеміз және жыл сайын мәртебесі биіктей береді деп үміттенеміз. Фестиваль аясында шетелдік әріптестерімізге арнайы турлар ұйымдастырдық. Олар Алматының сұлулығын көрді, таңданды, біз үшін қуана қол соқты. Біздегі әлемдік цирк ғимараттарымен нық түйістіре алатын әдемі де еңселі цирк барын көрді. Мәселен, Монте-Карла 46 жыл болды фестиваль өткізіп жатқанына. Оларда біздікіндей ғимарат жоқ, олар палатканың ішінде жасап жатыр. Әлемде Монте-Карла десе, бәрі біледі. Кішкентай ғана қала. Ал біздің шаһар үлкен, мегаполис, жасыл қала, табиғаты ғажап! Бірақ көп ел біле бермейді. Сондықтан қаланы цирк мәдениеті һәм өнері арқылы әлемдегі орнын көрсету керек. Алға қойған мақсатымыз да сол. Иә, бұл тың жобамыздың Алматы қаласы үшін халықаралық деңгейде мәдени байланыс орнатып, мегаполисті дамытуға жол ашатыны сөзсіз.

Морган БАРБУР, «Морган мен Рокки»
әуе дуэті, Ұлыбритания:

«ҚАЗАҚ ЦИРКІНІҢ ЕЛШІСІ БОЛАМЫЗ»

Бізді Қазақстан өте жылы қарсы алды. Барлық адам бізге өте мейірімді көрінді. Бұл алыстан, бөтен елден келіп тұрған біз секілді мейман үшін өте жағымды болды. Біз фестивальге жақсы таныстарымыздың – алматылық Nassak труппасының шақыруымен келдік. Біз олармен өткен жылдың желтоқсан айында Португалияда жұмыс істеген болатынбыз. Олар бізді Қазақстанға шақырған кезде, біз ойланып жатпастан бірден келістік. Бұл фестиваль тек цирк нөмірлерін көрсету ғана емес, сонымен қатар қатысушы елдер арасындағы мәдени алмасу деп білеміз. Бұл фестивалден соң бәріміз Қазақ мемлекеттік циркінің елшісі болатынымыз сөзсіз.

Жарқынай ТАЛАСОВА,
тараздық көрермен:

НЕМЕРЕЛЕРІМ ДӘН РИЗА

Қазір жаз айы, немерелеріммен қыдырып жүрмін. Мен Алматы циркіне осыдан қырық екі жыл бұрын, тоғыз жасымда келген едім. Бұл неткен үлкен ғимарат деп, аузым ашылып, отқа оранған шеңберден секіріп жатқан жолбарыстарды көріп, тіпті таңырқағам. Шалғай жатқан ауылдан келген мен сияқты бала сол жылы «осындай да өнер бар екен ғой» деп, керемет әсермен қайтып едім ауылға. Сенесіз бе, бала да болсам, қызықты трюктерге таңдана, қуана қол соға беріп, екі алақанымның дуылдап, ауырып қалғаны есімде. Ал бүгін немерелерімнің дәл солай қуанғанын көріп мәз болдым. Бүгінгі фестивальге маған балалық шағым саяхат жасатқанына және кішкентайларымды риза еткені үшін алғыс білдіремін. Цирктің жанкешті өнер, қыруар еңбек екенін енді түсінгендеймін. Алматы циркіне тек табыстар тілеймін.





ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ БАРСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Қабылданған заңға байланысты елімізде 1 тамыз күні 1-сыныпқа құжат қабылдау аяқталды. Осы ретте ҚР Оқу-ағарту министрлігінің орта білім комитеті 1-сыныпқа құжаттарды қабылдаудың 1 тамызында аяқталғанын ескерте келе, өтініш беріп үлгермегендер құжаттарды eGov.kz электронды үкімет веб-порталы және жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арқылы тапсыра алатынын айтады.

Жалпы, 1-сыныпқа баратын балалар 6 жастан бастап ата-анасының немесе баланың заңды өкілінің өтініші негізінде қабылданады. Ата-аналар баласының денсаулық жағдайы туралы құжаттар (026/у-3 нысаны және 065/у) және 3x4 өлшемді 2 фотосуретті қоса апарулары керек. 1-сыныпқа құжаттарды қабылдау еліміз бойынша 1 сәуірде басталып, 4 ай ішінде 350 453 өтініш келіп түскен көрінеді. Сондай-ақ, 1-сыныпқа қабылданған балалардың 71,2 пайызы қазақ тілінде оқытатын мектептерді таңдаған. Тиісті сала өкілдерінің болжамынша жаңа оқу жылында 410 мыңнан астам бала 1-сыныпқа баратын болады. Осы ретте Оқу ағарту министрі Ғани Бейсембаев ата-аналар қауымына 1-сыныпқа құжат қабылдау мерзімі қайта қаралмайтынын нақтылап, ескерткен еді.

— Ата-аналар алдын ала қамдану үшін 1-сыныпқа құжат қабылдауды көктемде бастаймыз. Бұл жерде тек мектепке арналған құралдарға ғана қатысты емес. Біз оқулықтардың санын да алдын ала жоспарлауымыз керек. Қабылдауды 1 қыркүйекке дейін ұзартсақ та болар еді, бірақ ол кезде 1-сынып оқушыларына қанша оқулық қажет екенін білмей қаламыз. Уақытты шектеп, қабылдауды 1 тамызда аяқтайтын себебіміз 1-сыныпқа келетін балаларымызды қамтамасыз ету үшін жасалатын бірқатар іс-шараға байланысты. 1 қыркүйекте келіп тұрса, оқулық жетпей қалады, — деген еді министр Ғани Бейсембаев.

БАЙҚАУ

АЛМАТЫНЫҢ «ҮЗДІК ПЕДАГОГЫ» АНЫҚТАЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 02.06.2023 №157 бұйрығымен бекітілген «Үздік педагог» атағын беру қағидалары негізінде Алматы қаласында білім беру ұйымдарының педагогтары арасында кәсіби шеберлік конкурсы басталды. Оған өтінім беру уақыты 2023 жылғы 25 шілдеде аяқталды.

ҚАМҚОРЛЫҚ

ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

Жаңа оқу жылы қарсаңында 400 мыңнан астам балаға мектепке дайындық үшін ақшалай көмек беріледі

Жыл артқан сайын мемлекетіміздің де экономикалық жағдайы жақсарып келеді. Мұны халықтың осал топтарына көрсетілетін көмек түрлерінің артып келе жатқанынан да байқауға болады. Мәселен, биыл халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 400 мыңнан астам баланың мектеп формасы мен оқуға қажетті құрал-жабдықтарын алуы үшін мемлекет тарапынан қомақты қаражат бөлініп отыр.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, биыл әрбір білім алушыға киім, оқуға арналған жабдықтарды сатып алу үшін 40 567 теңгеден бөлініп отыр. Сонымен, бөлініп отырған қаражат бірден ата-аналардың карталық шотына түседі.



— Аталмыш қаражатқа ата-аналар балалармен бірге барып, мектеп формасын, аяқкиім, кеңсе тауарларын өздері таңдап алатын болады. Биылғы қабылданған өзгерістердің бір артықшылығы — ата-аналар мен балалардың өз бетінше таңдауына

мүмкіндік беріп отыр, — деді Балалардың құқығын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Жолдас Батырхан.

Жалпы, біздің елімізде көмекке мұқтаж отбасыларды материалдық тұрғыда қолдап, көмек көрсету және балаларды керек жабдықтармен қамтамасыз ету үшін «Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру қоры» атты қордың бары белгілі. Бұл қордың мақсаты «Жалпыға бірдей оқыту» атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетеді.

Міне, алдағы жаңа оқу жылы қарсаңында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, әлеуметтік аз қамтылған отбасы, төтенше жағдайға тап болған отбасы балалары қаржылай көмек алады.

МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС

ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Еліміздегі колледждерге құжат қабылдау 20 тамызға дейін жалғасады

Биыл колледждерге мемлекеттік тапсырыс бойынша 130 мыңнан астам талапкер қабылданатын болды. Мемлекеттік тапсырыс көлемі 50 мың орынға артты.



Президент тапсырмасына сәйкес мемлекеттік тапсырыс дені техникалық мамандықтарға бағытталып, геология, тау-кен өнеркәсібі, энергетика, металлургия және машина жасау, көлік, IT, құрылыс, коммуналдық шаруашылық және тағы басқа бағыттар бойынша артырылып отыр.

Сонымен қатар, өткен жылдан бастап кәсіпорындар тарапынан сұранысқа ие кадрларды мақсатты даярлау енгізілді. Бұл ретте жұмыс беруші тарап тәжірибені өздері ұйымдастырып, колледж түлектерін одан әрі жұмысқа орналастыру міндеттемесін өзіне алатын болды. Осылайша колледждер биыл қосымша 10 мың студентті қабылдамақшы.

СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

ЖАТАҚХАНА МӘСЕЛЕСІ

Биыл орын тапшылығы қалай шешіледі?

Жаңа оқу жылы басталысымен, жатақханалардағы орын жетіспеушілігі мәселесі де басталатыны белгілі. Осыған орай, Ғылым және жоғары білім министрлігі студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін қандай жұмыстар істеліп жатқанын айта келе, Алматы қаласының тәжірибесін Астана мен Шымкент қалаларына таратуды тапсырды.

Жатақхана тапшылығы биыл шамамен 70 мың орын болып отыр. Оның 50 пайызы — Алматы, Шымкент және Астана қалаларында екені де белгілі болды. Министр Алматы қаласында болған жұмыс сапары барысында жобалық офисте болып, инвесторлармен жұмысты әлі де жандандыруды баса айтты. Ғылым және жоғары білім министрлігі СҚО, Ақмола, Ақтөбе, БКО, Қарағанды, Түркістан, Маңғыстау, Павлодар, Қызылорда, ШҚО, Жетісу облыстарының, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктерімен бірге 2023 жылы жатақханаларды пайдалануға беру жөнінде жол картасын қабылдағаны белгілі. Мәселен, биыл 10 949 орынға арналған 37 жатақхананың тізімі айқындалып, жеке инвестиция есебінен 9231 орынға арналған 30 жатақхана, шағын бизнес қаражаты есебінен 1218 орынға арналған 6 жатақхана және демеушілердің қаражатына 500 орынды бір жатақхана салынады. Осынау 37 жатақхананың 8837 орынға шақталған 26-сы ЖОО студенттеріне, ал 2112 студент сиятын 11 жатақханасы колледждерге беріледі. Сонымен, дәл қазіргі уақытта 1500 орынға арналған 4 жатақхана дайын. Ал, 496 орынды 3 жатақхананың дайындығы 90 пайыздан асады. Сондай-ақ, 2395 орынға арналған 8 жатақхананың құрылыс жұмыстарының 80 пайызы, 375 орынды 1 жатақхананың құрылыс жұмыстарының 70 пайыздан астамы орындалғаны белгілі болды. Бұған қоса, 1026 орынды 3 жатақханадағы жұмыстардың дайындығы — 60, ал 750 орынды 3 жатақхананың дайындығы 50 пайыздан астам аяқталған. Сонымен қатар, 980 студентке арналған бір жатақхананың құрылыс жұмыстарының 40 пайыздан астамы, 1316 орынға арналған 3 жатақхананың 20 пайыздан астамы дайын.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

АКАДЕМИКТИҢ АҚЫРҒЫ САПАРЫ

Мәскеуге академик Лысенконың 60 жылдық мерейтойына бара жатқан Кәрім Мыңбаев ұшақ апатына ұшыраған болатын

1948 жылдың қоңыр күзінде Қазақстан аспанында ұшақ жарылды. Алдымен, Ұлытау өңірінің халқы шу ете қалған. Бұл оқиға сол жерде болған еді.

Мәскеуге бағыт алған ұшақта он бес адам отырған. Қатардағы жай адамдар емес, енді ғана қарыштап дами бастаған Қазақстан ғылымының көшбасшылары. Қаралы хабар елге жылдам тарады. Соғыс жылдарындағы қиындықтан енді құтылған кез. Ұлы Жеңістің қуанышы басыла қоймаған. Суыт хабарды естіген елдің төбесіне жай түскендей болды. Жоғары билік орындары Мәскеуде өтетін Тамыз сессиясына бара жатқан делегация болатын деген болмашы ғана хабар таратты. Ол кездері Кеңес Одағында апат орын алмауы тиіс еді. Бола қалған жағдайда барынша бүркемелеп бағатын. Бұл жолы да солай болды.

Ал шындығында, ғалымдар Мәскеуге академик Лысенконың 60 жылдық мерейтойына бара жатқан. Қазақстан ғылымының аспанына қара бұлт үйірілді. Алайда, апаттың шын құпиясы ашылмай қалған еді. Мәскеуге аттанған он бес адамды Қазақстан топырағы жібермеді.

Апат себептері белгісіз болып қалар ма еді, тірі қалған куәгерлер бар болып шықты. Ажалсыз екен. Алматыдан ұшқан апат жағдайындағы ұшақ жолда Балқаш маңына қонуға мәжбүр болғанда, о баста отырған он сегіз адамның үшеуі қалып қойған. Ұшақтың жанып кету себептерін осы кісілер айтқан. Тараған әңгіменің түрліше құбылатыны рас, алайда оның негізінде бір шындықтың жатқанын жасыра алмайсыз. Оны кезінде қаза болғандармен бірге істеген ауыл ақсақалдары да айтып жүрді.



– Шойын жолға бір үш шақырымдай жерге қонған кезінде, сол арада ұшқыш хабар береді. Көкте кетіп бара жатқан уақытта ұшақтың жанармай бағы шытынаған сияқты. Оны ұшқыш сезіп, жолда ұшақты жерге қондырады. Артынша Алматыға хабарлаған, – дейді, Мыңбаев атындағы ауыл ақсақалының бірі Әбдірахым Әуезбаев.

Қаза тапқандардың ішіндегі төрт адам Қазақстанның белгілі ғалымдары, олардың топ жетекшісі Кәрім Мыңбаев болатын. Ауыл шаруашылығын гүлдендіруге ерекше еңбегі сіңген ғалым ғана емес, соғыс

жылдарында құпия қару мен соғыс техникасын жасауға айрықша үлес қосқан Кремль назарындағы белгілі ғалым Мыңбаев. Ел-жұрт оны академик деп таныған.

Мыңбаевтың ВАСХНИИЛ-дің бөлімшесін ашып, ауыл шаруашылығы академиясын ұйымдастыруының өзі тарихи оқиға. Ал Бетпақдаладағы шөлді-шөлсіз кең даланы егін шаруашылығы мен мал шаруашылығына пайдалануды ғылыми зерттеп ұйымдастыруы көзсіз ерлікпен пара-пар. Әріптестері Мыңбаевтың ерекшелігін аңыз ғып айтады.

– Мал шаруашылығын, егін шаруашылығын көтеріп, ғылымды одан ары дамыту жөнінде көптеген мәселелерді шешіп берді. Сол кездегі мекемелер, әсіресе, ғылыми мекемелер қазірдің өзінде жақсы жұмыс істеп келеді. Ол кісінің тағы бір ерекше-лігі – жаңалықты жақсы көретін, жастарды тартқанды ұнататын. Ғылым мен өндірісті ұштастыра білуде алдына жан салмайтын. Өзі ашқан академияның негізі осындай өндіріс пен ғылымды ұштастыра білуде жатты, – деген болатын белгілі академик, Мыңбаевтың әріптестерінің бірі Қилыбай Медеубеков.

Ғылым мен өндірісті ұштастыру ол кезде ең үлкен негізгі мәселе еді. Академик ақтық сапарға аттанғанша ғылымдағы жаңалықтарды өндіріске енгізуге қайсарлықпен кірісті. Ол айтқанынан қайтпайтын жан еді. Алайда, «АН-24» ұшағының ақауы барына сенген жоқ болатын.

Соғыс жылдарындағы темірдей тәртіп қала қоймаған уақыт. Тәртіп болу үшін бұйырып сөйлей білу керек. Академик ол жағына да шебер болған. Ол кезде бұйрықты орындамағанды атып тастау да таңсық емес еді.

– Ол кісі өзі бірайтар, сондай өжет кісі еді. Ұшқышқа «Сен мені кеше бір алдадың, бүгін мұнына жол болсын. Ұшасың!» деп бұйыра сөйлеген. Ол кездің заңы бөлектеу ғой, ғылымға, үкіметке керек адамның қолына тапанша беріп қоятын да болған. Оны өзіне қастық қылған адамға қарай пайдалануға да рұқсат берілген. Содан ұшқышқа да жан керек, айтқанын екі етпей ұшқан ғой. Үш адам сол жерде қалып қояды, – деді Әбдірахым Әуезбаев ақсақал.

Алғашқы күні ұшақ Мәскеуге үкімет адамдарын алып барған. Ұшаққа тапсырыс берген Мыңбаев тобын ұшқыш тастап кетеді. «АН-24»-ке көп адам қалай



сыйсын, ұшақ өзіне тиген келесі күні ол әдейі істеп отырғандай көрінген болар. Әйтеуір академик әлдеқайда қатты асықты. Үш адам ебін тауып жолда қалып қойған.

Ол кезде отаншылдық сезім асқақтап тұрды. Отанға шын берілгендік еңбекпен ғана бағаланатын. Ал академиктің әр сағаты санаулы. Мәскеу сапарын сылтаурату арына сын, ол бостан-босқа отыра алмайтын. Ұшақ апаты ауыр соққы болды. Ішіндегілер түгелдей отқа оранды.

– Маған Кәрім Мыңбаев туралы айту өте ауыр. Несе десеңіз, оның ажалының өзі бір жұмбақ сияқты болды. Ешнәрсе қалмаған, тек түймесі мен көйлегінің бір кішкентай, титтей бөлігін ғана табытқа әкеліп қойды ғой. Бұл қайғыны, бұл оқиғаны айту маған өте ауыр, – деді академиктің ақырғы сапары туралы сұрағанымызда, оның жақын сырласы болған қазақтың тұңғыш режиссер қызы Дариға Тінәлина.

Өмір айдынында қос аққудай қатар жүзе бастағалы небәрі алты жыл болған еді. Академик Мәскеуге артымнан ұшып келерсін деп, Дариғаны тастап кеткен. Тағдыр оларға қайта қауышуды жазбапты. Балқаш маңынан ұшқан соң, он бес минуттан кейін ұшақ апатқа ұшырайды.

Мыңбаев көрсетіп кеткен үлгі-өнеге бүгінгі таңда да маңызын жойған жоқ. Айрықша атап айтуға болатыны – ғылым мен өндірістің бірлігі. Мұның жолында академик бар жанын салған. Өмірден ерте кетсе де, артына өшпес із қалдырған. Тек бірер сағаттың ғана құпиясы ашылмай қалды. Мемлекеттік комиссия ұшақтың өздігінен жарылмағанын анықтаған. Бірақ көп адам оған сене қойған жоқ. Алайда, бұл қорытындыны академиктің жақындарының айтқандары растай түскендей.

– Даланың тарланы деп айтуға болады ол кісіні. Сондай үлкен біліммен, үлкен зейінмен, үлкен еңбекпен келген адамды осылайша дүниеден алып кетті. Бұл Кәрім Мыңбаевты өлтіру үшін жасалған кәдімгі зұлымдық болды. Шынымды айтсам, не дерімді де білмеймін. Кәрімнің іші сезді ме, мен енді келмеймін деп еді кетерінде, – деді ашына сөйлеген Дариға апай.

Академик бұл сапардан қайтпайтынын сезіпті. Дариғаға «Мен енді сол жақта қаламын. Артымнан өзің келерсін» деуі де тегін емес-ау...



Бетті әзірлеген
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК.





СЕМСЕРЛЕСУ

ТАРИХИ
НӘТИЖЕГЕ
ҚОЛ ЖЕТТІ

Семсерлесуден әлем чемпионатында қазақстандық семсершілер командалық жарыстарда тарихи нәтижеге қол жеткізді.

Ұлттық олимпиадалық комитеттің дерегіне, Италияның Милан қаласында семсерлесуден әлем чемпионатында ерлер арасындағы семсерлесуден командалық жарыс аяқталды. Қазақстандық команда Чех Республикасының командасын жеңіп, турнирді жеңіс нотасымен тәмамдады.

Нәтижесінде біздің команда әлем чемпионатында жетінші орынға табан тіреді. Кейінгі кезде біздікілер үнемі ең жоғары орындарға ие болып келді. Бұл бізге лицензия үшін бәсекелесетін Азия командалары арасында олимпиадалық рейтингте көшбасшылық позицияны сақтауға мүмкіндік берді. Командада Эльмир Алимжанов, Руслан Курбанов, Ерлік Сертай және Вадим Шарлаимов бар.

ФУТБОЛ

ЗАЙНУТДИНОВКЕ
ЖҮЙРІК ЖЕТПЕЙ ТҰР

Грозныйда Премьер-Лига командалары арасындағы футболдан Ресей чемпионатының екінші турының ойыны өтті.

Қазақстан құрамасының қорғаушысы Марат Быстров өнер көрсететін жергілікті «Ахмат» өз алаңында Қазақстан құрамасының жартылай қорғаушысы Бахтияр Зайнутдинов өнер көрсететін мәскеулік ЦСКА-ны қабылдады. Екі ойыншы да алаңға негізгі құраммен шықты. Кездесу 3:2 есебімен армия құрамасының жеңісімен аяқталды.

12 минутта Быстров тікелей қызыл қағаз алды. Қонақтардың шабуылы кезінде доп Быстровтың қолына тиді. Төреші VAR режимін көрген соң қазақстандықты алаңнан шығарып, пенальти белгіледі. 11 метрлік қашықтықтағы допты Федор Чалов салып, ЦСКА алға шықты. 27-минутта алаң иелері де пенальти тебу мүмкіндігіне ие болды. Есепті Мохамед Конате теңестірді.

КҮРЕС

БАЛУАНДАР БӘСЕКЕСІ БАСТАЛДЫ

Түркияның Ыстамбұл қаласында күрес түрлерінен әлем чемпионаты (U17) басталады. Бұл белдесуге ең мықтылар жиналды. Олар өзара чемпионды анықтайтын болады.

Бұл туралы Қазақстан күрес федерациясының баспасөз хатшысы Аспандияр Есенжолов мәлімдеген. Оның айтуынша, жарыстың алғашқы күні бозкілемге грек-рим күресі балуандары шығады. «Одан кейін кезек әйелдер күресіне келсе, әлем чемпионатын еркін күрес балуандары қорытындылайды. Қазақстан құрамасы бұл жолғы дүбірлі додаға толық құрамда қатысады», – деді ол.

Ол сондай-ақ, байрақты бәсекеде ел намысын қорғайтын балуандарымыздың тізімін ұсынды. «Өткен жылы Италияда әлем чемпионатында еркін күрес балуандары Дарын Әскербек (ШҚО) пен Камиль Куруглиев (Маңғыстау

УНИВЕРСИАДА

АЛТЫННАН АЛҚА ТАҚТЫ

Қытай Халық Республикасының Чэнду қаласында өтіп жатқан Дүниежүзілік жазғы Универсиаданың алғашқы «алтын» таэквондодан Рита Бакишева жеңіп алды. Ол 46 келіге дейінгі салмақта финалда Қытай Тайпейінің өкілін жеңді.

Чэнду қаласында ұйымдастырылған 2023 жылғы Универсиадада Қазақстан құрамасының қарқыны басым. Айта кетейік, мылтықпен он метрден атудан командалық есепте қоланы Константин Малиновский, Ислам Сәтбаев және Никита Шахторин әкелді. Олар

Үндістан мен Қытай өкілдерінен ұтылды.

Қазақстандықтар үшін бұл жүлде Универсиада – 2023 ойындарындағы екінші жүлде болды – олар бұған дейін 50 метр қашықтықтан үш позициядан мылтық атудан командалық жарыста күміс алған болатын.

Қазақстан құрамасының қоржынында күміс және үш қола медаль бар.



ТЕННИС

БЕСІНШІ БАС ЖҮЛДЕНІ ҰТТЫ



Қазақстандық теннисші Анна Данилина мансабында бесінші wta титулын жеңіп алды. Осыған дейін оның жартылай финалда екендігін айтқан болатынбыз. Енді міне, сол үмітті ақтады.

Ол Германияның Гамбург шаһарында өткен WTA 250 турнирінің жұптық сынында жеңісті қолдан бермеді. Финалда қазақстандық ресейлік теннисші Александра Пановамен жұпта чехиялық Мириам Колодзиева-америкалық Анжела Куликовамен бас жүлдені сарапқа салды. Нәтижесінде олар 6:4, 6:2 есебімен жеңіске жетті.

Бұл WTA қарамағындағы жұптық кубогының бесінші бас жүлдесі. Ол бұған дейін Сидней (WTA 500), Варшава (WTA 250), Гдань (WTA 250) және Париж (WTA 125) турнирлерде жеңіске жеткен еді. Дәп осы қарқынынан таймаса, әлемнің үздік ТОП-10 ракеткашыларының тізіміне еніп қалуы ықтимал.

ВЕЛОСПОРТ

Испанияда өткен бір күндік Getcho Circle жарысында «Астана» велоқұрамасының өкілі Алексей Луценко мәреге бірінші жетті.

ОҢ НӘТИЖЕ
КӨРСЕТТІ

Луценко мәре сызығын 4 жарым сағатқа жетпей кесті. Бұл қазақстандық велошабандоздың мансабындағы бесінші жеңісі болып есептеледі. Lidl-Trek шабандозы Тони Галлопен екінші келді. Сондай-ақ, «Астананың» шабандозы Симоне Веласко да мәреге үшінші болып өтті.

Getcho шеңбері – 193,3 шақырымды құрайды.

НАҚТЫРАҚ:

1. Алексей Луценко («Астана») – 4:19:11;
2. Тони Галлопен (Лидл-Трек) + 0:24;
3. Симон Веласко (Астана) + 0:32.

Айта кетейік, өткен жолы көптеген ақпарат құралдары велошабандоздарға қарата сын-пікір айтқан еді. Соның нәтижесі көрінгендей. «Астана» велоқұрамасының жігіттері жанқүйерлерін айшықты жеңісімен қуантты.

Бетгі әзірлеген
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.





БАЙҚАУ

«Халық тану» басталды

«Халық тану» халықаралық қоғамдық комитеті (бұдан әрі – «Халық тану» ХҚК) Қазақстан экономикасын дамытуға белсенді қатысатын немесе қатысуды жоспарлап отырған, Қазақстан Республикасының, сондай-ақ басқа да елдердің барлық салалық бағыттарындағы мамандар мен заңды тұлғаларды анықтау және ел халқының тануы мақсатында «Үздік» атағын береді. «Халық тану» үздік мамандарға, кәсіпорындардың басшыларына – экономиканың жеке, мемлекеттік және қоғамдық секторына «Үздіктерді» халықтық дауыс беру арқылы іріктеу жолымен, ұйымдастырушының www.pomogvsem.kz сайтында беріледі <http://www.pomogvsem.kz>.

«Халық тану» 3 номинация бойынша беріледі:

«2023 жылдың үздік мемлекеттік органы» (министрліктер, әкімдіктер, департаменттер, басқармалар, бөлімдер – Қазақстан халқы үшін өз қызметімен және жұмысымен жергілікті жерлерде толық берілгендік пен жауапкершілікті растаған мемлекеттік органдар;

«2023 жылдың үздік кәсіпорны» – ҚР және шет елдер экономикасының барлық салаларындағы коммерциялық құрылымдардың ішінен;

«2023 жылдың үздік маманы» – Қазақстанның дамуына қосқан үлесі үшін ҚР және шетелдердің экономиканың барлық салаларының коммерциялық, мемлекеттік, қоғамдық құрылымдарынан.

«Халық тануға» қатысу үшін өтінімдер бере алады:

– өзін-өзі ұсынған жеке тұлғалар;
– мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары.

«Халық тану» өткізу мерзімі:

2023 жылғы 11 шілдеден 26 қарашаға дейін – халықаралық деңгейдегі «Үздіктерге» халықтық дауыс беру.

Қатысуға өтінімдерді қабылдау (кандидаттарды ұсыну) 2023 жылғы 11 шілдеден 26 қарашаға дейін жүргізіледі. Өтініш парағын алу үшін ХҚК ұйымдастырушысына Instagram парағына жазылу керек: @pomog_vsem_kz және сол жерде өтініш парағына сұрау қалдыру керек.

Үміткерлерді бағалау кезінде Қазақстан экономикасының дамуына қосқан үлесі, жетістіктері туралы жарияланған мақалалары және «Үздік» атағына маманның немесе ұйымның қызметін көрсететін басқа да сипаттамалар ескерілетін болады.

Лауреаттарды марапаттау 2023 жылдың 15 желтоқсанында Алматы қаласында Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар барысында салтанатты жағдайда өтеді. «Халық тану» жеңімпаздары туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және мемлекеттік органдардың сайттарында жарияланады.

«Халық тану» туралы толық ақпаратпен және ережелерімен ұйымдастырушының сайтындағы «Халық тану» бөлімінде танысуға болады.

«Халық тану» ХҚК ұйымдастырушы комитеті.

МЕКТЕПKE ДАЯРЛЫҚ

Алматыда 1-сыныпқа
25 мыңнан астам бала барады

Алматыда 1-сыныпқа құжаттарды қабылдау 1 сәуірде басталғаны белгілі. Қазіргі дерек бойынша 25 009 өтініш келіп түскен. 2021-2022 оқу жылында Алматы қаласында бірінші сыныпқа 31 046 бала, ал 2022-2023 оқу жылында – 32 938 бала 1-сыныпқа барған еді.

Үлгілік қағидаға сәйкес, 1-сыныпқа қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсету электрондық форматта «Электрондық үкіметтің» eGov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылып, даярлық деңгейіне қарамас-тан, мектепке маңында (шағын учаскеде) тұратын барлық бала қабылданады. Өрі балаларды мектепке өздерінің шағын аумағы бойынша ғана емес, бос орындар болған жағдайда кез келген басқа мемлекеттік мектепке де тіркеуге болады.

Балаларды 1-сыныпқа қабылдауда барлық қосымша сұрақ бойынша жедел желі телефондары арқылы хабарласуға болады:

Алатау ауданы: +7 708 970 50 42.

Алмалы ауданы: +7 702 100 07 77; +7 747 412 93 83.

Әуезов ауданы: +7 702 100 07 77; +7 747 412 93 83.

Бостандық ауданы: +7 777 280 66 50; +7 777 300 14 74.

Жетісу ауданы: +7 702 673 83 33; +7 701 660 65 54.

Медеу ауданы: +7 701 783 94 83; +7 775 919 40 00.

Наурызбай ауданы: +7 778 227 33 01; +7 702 196 68 05.

Түркісіб ауданы: +7 777 827 05 80; +7 701 615 49 78.

Рая ЕСКЕНДІР.

ТАЛАПKEР

Студент атанар күн жақын

10 тамызға дейін грант иегерлерінің тізімі жарияланады

Биыл 94 мың талапкер білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш беріп отыр. Мәселен, өткен жылы талапкерлерден 80 мың өтініш қабылданған болатын.

Сонымен, талапкерлердің дені, яғни 38 мың жас студенттік шағын өткізу үшін Алматы қаласын таңдапты. Ал 18 мың жас елорданың оқу орындарын таңдаса, 6 мың жас Шымкент қаласының университеттерінде оқуға ниет білдіріп отыр.

Биыл талапкерлердің ең көбі «Педагогикалық ғылымдар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» сияқты бағыттарды таңдап отыр. Сондай-ақ, тіс дәрігері, дипломат,

заңгер және мұғалім мамандығы бойынша бір гранттық орынға ең үлкен конкурс болады деп күтілуде. Бұл ретте гранттар тағайындау жөніндегі шешімді құрамына ҚР Парламентінің депутаттары, мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың өкілдері бар республикалық конкурстық комиссия қабылдайды. Жоғары оқу орындарына қабылдау 25 тамызда аяқталады.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Өфсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



АТ ЖАРЫС

СӘЙГҮЛІКТЕР САЙЫСЫ

Алматы ипподромында классикалық бәйге өтті

Қыпшақ даласының аты аңызға айналған тумасы, Мысыр мен Сібір билеушісі Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығына арналған іс-шараға Қазақстанның 7 облысынан 100-ден астам шабандоз келді. Жарысқа Ұлттық спорт қауымдастығы, «Бейбарыс» шаруа қожалығы, OLIMPBET букмекерлік кеңсесі және т.б. мұрындық болды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Бірыңғай жүлде қоры бар 10 классикалық ат шабыс Қазақстанның ең үздік жылқыларының басын қосты. Көрермендер назарына қазақтың ежелгі ат жарыс түрлері «аламан бәйге», «жорға жарысы», «кыз қуу» атты ат ойыны ұсынылады.

Сондай-ақ, көрермендерге ауқымды ойын-сауық бағдарламасы ұсынылды. Дәлірек, ат ойындары – кыз қуу, көңілді старттар мен пони жарыстары, көрермендер арасында бағалы сыйлықтар ұтыс ойыны ұйымдастырылды.

Сонымен бірге, ат баптау, оның күтімі, түрлі сайыстарға қосу бойынша тәжірибесімен атбегі Тілек Мұхамедқалиев бөлісті.

«Біршама уақыттан бері ат спортына қызығым бастадым. 2019 жылы өз сәйгүлігімді жарыс жолына шығардым. Бүгінгі таңда баптауымда 5 жылқы бар. Таза қанды ағылшын жылқысы саналады. АҚШ-та жүздеген болғандарын айтып кеткім келеді. Адай, Беріш деген сәйгүліктерімді баптаудамын. Сонымен қоса, тағы бір ұсынысымды айтайын. Өткен жолы ат спортына қызығушы жандармен бірге ипподромға жөндеу жұмыстарын жасағанбыз. Ниетіміз – мемлекет тарапынан көңіл бөлінсе дейміз. Сондай-ақ, осы салаға жанашыр Надир Хасановқа, демеуші азаматтарға ризашылығымды білдіремін», – деді ол.



«Шамамен 60–70 сәйгүлік жарысқа қатысты. Қазақстанның барша өңірлерінен шабандоздар келді. Ресейден 2 шабандоз қатысты. Бұл жарыстың мақсаты – қазақтың ұлттық спорт өнерін дамыту және оны әлемге паш ету. Сол ниетпен халықаралық деңгейде жарыс өткізілді. Айта өтейін, жастарды қолдаймыз. Оларды баулып, нағыз өз ісінің білгірі етіп шығаруға тырысамыз», – деді QAZAQ JOCKEY CLUB бас хатшысы Надир Хасанов.

Сонымен қатар, ат жарысты көруге келген кісі қарасы көп болды. Бәрі де қазақтың ұлттық спортына нағыз жанашыр жандар екен. Көбісі өзінің сүйікті шабандоздарына жанкүйер болды.

«Қазақтың ұлттық спортының көрнекті бейнесі деп ат спортын айта аламын. Кеңес кезінде бірталай бәйгеге шапқанбыз. Ауылдық, аудандық, өңірлік деңгейде жүлде ұтқанбыз. Ол уақта сабан той дейтін болатын. Бәрі таңтамаша өтетін. Соның өзіне 40 жыл уақыт өтіпті. Нағыз жгіттік шағымыз осылай дүркіреп өтті. Сондай-ақ, жасөспірімдерге аттың көп пайдасы бар. Дене мығым болып жетіледі. Сондықтан да ұлтымыздың ұлттық өнері өркендей берсін дегіміз келеді», – деді жанкүйер Абат Артықбаев.




Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

КҮЛТӨБЕНІҢ БАСЫНДА КҮНДЕ ЖИЫН



АРАҚТЫҢ АҚЫРЫ



ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

EUR/KZT 489,0 теңге



USD/KZT 445,68 теңге



RUB/KZT 4,9 теңге



CNY/KZT 62,31 теңге